

«Бекітемін»

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің

«Білім беруді жаңғырту

орталығы» МКҚК басшысы

С. Мадеев

«16» Беркүйек 2021 жыл

ЕРЕЖЕ

«ЕЊ ЎЗДИК ТАРБИЕ ЖУМЫСЫНУЊ ОРЫНБАСАРУ» атты қалалық конкурс

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Ереже директорлардың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары арасында «ЕЊ ўздик тарбие жумьсынунь орынбасару» қалалық конкурсын (бұдан әрі — Конкурс) ұйымдастыру тәртібі мен өткізу шарттарын белгілейді.

1.2. Конкурсты Білім беруді жаңғырту орталығы Нұр-Сұлтан қаласы білім басқармасының және «Әділет» білім беру қызметкерлері кәсіподағының қолдауымен өткізеді.

1.3. Байқау қашықтықтық түрде өтеді.

2. БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. Мақсаты: кәсіби қызметте жоғары жетістіктері бар директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарларының кәсіби шеберлігін арттыру үшін жағдай жасау; жұмыс тәжірибесін бөлісу және тарату.

2.2. Міндеттері:

- директордың тәрбие жұмысы жөніндегі шығармашылық талантты орынбасарларын анықтау; кәсіби педагогикалық тәжірибені толтыру үшін, педагогтардың шығармашылық даралығын, өзін-өзі білдіру үшін қолайлы жағдай жасап, олардың жеке тұлғалық және педагогикалық мәдениетін қалыптастыру, әлеует шығармашылығын өзін-өзі таныту және кәсіби педагогикалық ой-өрісін кеңейту;

- тәрбие жүйесіндегі озық педагогикалық тәжірибені насихаттау және тарату.

3. БАЙҚАУДЫҢ ҚАТЫСУШЫЛАРЫ

3.1. Байқау келесі критерийлер бойынша өткізіледі:

- байқауға қаланың барлық мектептері директорларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары қатысады (егер мектепте директордың тәрбие ісі жөніндегі екі орынбасары болса, онда біреуі қатысады);

- конкурсқа қатысу үшін құжаттарды тапсыру сәтінде кемінде үш жыл үздіксіз педагогикалық өтілі болу керек.

4. КОНКУРСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

4.1. Конкурсты ұйымдастыру және өткізу үшін конкурстың жұмыс тобы, сараптамалық және қалалық комиссия құрылады.

4.2. Жұмыс тобының мүшелері Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Білім беруді жаңғырту орталығы» МКҚК басшысы бұйрығымен бекітіледі.

4.3. Сараптамалық комиссия конкурстың бірінші кезеңінің жеңімпазын анықтау және конкурстың екінші кезеңіне қатысуға ұсынымдар беру үшін Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Білім беруді жаңғырту орталығы» МКҚК басшысының бұйрығымен құрылады және бекітіледі. Сараптамалық комиссия әдіскерлер, педагогтар, кәсіби конкурстың жеңімпаздары қатарынан құрылады.

4.4. Конкурстың екінші кезеңіне қатысушыларды бағалау және «Тәрбие жұмысы жөніндегі үздік орынбасары» атағын беру туралы комиссия шешімін шығару үшін қалалық комиссия құрылады, құрамды Білім беруді жаңғырту орталығының басшысы бекітеді. Комиссия білім басқармасының, білім беруді жаңғырту орталығының қызметкерлерінен, қала педагогтерінен, журналистерден (блогер), «Астана Дарыны» ғылыми-практикалық орталығының қызметкерлері, ЖОО және колледж оқытушылары, «Әділет» білім беру ұйымдары кәсіподағының қызметкерлері.

4.5. Байқаудың Сараптамалық комиссиясы: орындарды бөлуге, барлық орындарды бермеуге, арнайы сыйлықтар беруге құқылы. Комиссия мүшелері, ұйымдастырушылар мен демеушілер марапаттаулар тізіміне кірмейтін жеке жүлделер мен номинацияларды құруға құқылы.

4.6. Қазылар алқасы мүшелерінің бағалау парақтары мен түсініктемелері құпия ақпарат болып табылады, көрсетілмейді және берілмейді.

4.7. Жұмыс тобы:

- Конкурс материалдарының тізбесін, оны ресімдеуге қойылатын талаптарды, бағалау өлшемшарттарын айқындайды.

- Өткізу орны, уақыты, нысаны және тәртібі.

4.8. Сараптау комиссиясы:

- Конкурстың I кезеңінің материалдарын қарайды және конкурстың екінші кезеңіне қатысу үшін үздік жұмыстарды іріктейді;

Комиссия шешімі хаттамамен ресімделеді және қалалық комиссияға беріледі.

4.9. Қалалық комиссия:

1) Конкурстың II кезеңін бағалайды;

2) «Тәрбие жұмысының үздік орынбасары» атағын беру туралы комиссияның шешімін қабылдайды;

3) жеңімпаздарды марапаттауды жүзеге асырады.

Шешімге қатысып отырған мүшелердің көпшілік дауысымен қабылданады. Комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады;

Комиссияның шешімі хаттамамен ресімделеді, қорытындылады, шағымдануға және қайта қарауға жатпайды.

5. КОНКУРСТЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

5.1. Байқау кезеңдері:

Байқау екі кезеңнен тұрады:

I кезең 2021 жылғы 14-20 қазан аралығында өтеді. Сараптау комиссиясының мүшелері қарайды және бағалайды.

1). «Тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарының өмірінен бір күн» бейнеролигінің тұсаукесері.

Қатысушы өзін таныстырады, өзінің педагогикалық идеяларын, кәсіптегі көшбасшылық қасиеттерін, балаларға, әріптестерге деген қарым-қатынасын, сондай-ақ өмірлік басымдықтарын көрсетеді.

Конкурсқа қатысушылары «Тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарының өмірінен бір күн» <http://www.youtube.com> арнада орналастырылған презентациялық бейнероликке сілтемесін otdelvosp.razvitiya@mail.ru электрондық поштаға жібереді, ұзақтығы 7 минуттан аспайды.

Конкурсқа қатысу үшін келесі құжаттар тапсырылады:

1) қатысушының жеке куәлігінің көшірмесі;

1) осы Ереженің 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша конкурсқа қатысу үшін өтінім.

5.2. Конкурсдық материалдарды көрсетілген ретпен жинақтау қажет.

5.3. Белгіленген күннен кешіктірілген жұмыстар қабылданбайды.

Талаптарды бұза отырып дайындалған материалдар қарауға жатпайды. Конкурсдық материалдар рецензияланбайды және қайтарылмайды.

5.4. Қалалық конкурстың I кезеңінен сәтті өткен тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарларының тізімі Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Білім беруді жаңғырту орталығы» сайттарында орналастырылады.

II кезең: 2021 жылғы 4 қарашада онлайн түрінде өтеді:

1. «Менің педагогикалық ұстанымым» Өзін-өзі таныстыру.

Қатысушы өзінің мамандыққа, өзінің тәрбиеленушілері мен әріптестеріне, отбасына деген көзқарасын, өмірлік басымдықтарын, өзінің әуестігін ашуы тиіс.

Бағалау критерийлері:

- өзінің педагогикалық қызметінің мәселелерін, міндеттері мен нәтижелерін қалыптастыру білігі;

- педагогикалық қызметінің негізгі идеяларының сипаттамасы;

- өзінің қадір-қасиетін көрсете білу (педагогтың жеке имиджі, сүйкімділігі).

2. «Creative Mentor Shool», «Заманауи педагог».

Слайд түрінде мультимедиялық жобаның презентациясы 15 беттен аспайды.

- Жұмысқа қойылатын талаптар:
- тәрбие үрдісіндегі жаңа әдістер;
 - педагогикалық тәжірибені жалпылау;
 - тұлғаның мүдделері мен қабілеттерін дамытудағы тәрбиенің рөлі;
 - педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру.

Бағалау критерийлері:

- тәрбие үрдісінде жаңа әдістерді қолдану;
- кәсіби шеберлігін көрсете білу;
- жоба идеясының өзектілігі мен бірегейлігі.

3. Қатысушылармен блиц-сауалнама.

Сауалнамаға қатысу үшін сілтеме конкурс кезінде чатқа жіберіледі. Ұзақтығы-10 минут.

Әр тапсырмада қазылар алқасы финалистің педагогикалық шеберлігін, оның кәсібилігін, тапқырлығын, ойлау ерекшелігін, ұйымдастырушылық қабілеттерін бағалайды.

Конкурсты сараптау комиссиясы 10 балдық жүйе бойынша бағалайды. Комиссия шешімі хаттамамен ресімделеді.

6. КОНКУРС ҚОРЫТЫНДЫСЫ

6.1. Конкурстың қорытындысы бойынша комиссия алқасы жеңімпаздарды анықтайды. Жеңімпаздар «Бас жүлде», I, II, III дәрежелі дипломдармен және сыйлықтармен, сондай-ақ «Тәрбие жұмысы бойынша үздік жоба», «Ұлттық дәстүрін сақтағаны және дамытқаны үшін», «Зерделі педагог» номинацияларымен марапатталады.

6.1. Байқау жеңімпаздары дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталады.

6.2. Конкурс нәтижелері Конкурс аяқталғаннан кейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмейтін мерзімде Нұр-Сұлтан қаласының аумағында таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады, сондай-ақ «Нұр-сұлтан қаласының Білім басқармасы», «Білім беруді жаңғырту орталығы» МКҚК интернет-ресурстарында орналастырылады.

Өтінім
қалалық конкурса қатысуға
«Ен үздік тәрбие жұмысын орынбасары»

Конкурсант туралы мәліметтер:

1. Аты-Жөні (толығымен) _____

2. Туған күні _____
3. Жұмыс орны, лауазымы _____

4. Жұмыс орнының мекенжайы, телефоны _____

5. Мекен-жайы, телефоны _____

- электрондық пошта _____
6. Білімі туралы мәліметтер _____

7. Білім беру жүйесіндегі, осы лауазымдағы жұмыс өтілі _____

8. Біліктілік санаты _____
9. Мемлекеттік және салалық наградалар _____

10. Соңғы 5 жылдағы біліктілікті арттыру формалары _____

11. Өзіңіз туралы қосымша хабарлау қажет деп санайтын тағы қандай деректер бар

